

10 шілде
Бейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

БАКУДЕ БҰЙЫРҒАН ЖҮЛДЕ

ӨТКЕН АЙДЫҢ БАСЫНДА АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА «ZHULDIZ FESTIVAL 2025» АТТЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМ-ДЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨП ЖАНРЛЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТКЕН БОЛАТЫН. ЖАЛПЫ БҰЛ БАЙҚАУ ЕЛІМІЗДІҢ АСТАНА, АҚТАУ, ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛАРЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН БОЛАТЫН. АЛ, БҰЛ ЖАРЫ-СТЫҢ ГРАН-ПРИ ИЕГЕРЛЕРІНЕ ӨЗЕРБАЙЖАН ЕЛІНІҢ АСТАНАСЫ БАКУ ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН-ӨЗЕРБАЙ-ЖАН ЕЛДЕРІНІҢ БІРІГІП ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТЕТІН "BAKU ART FEST 2025" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ЖОЛДАМА БЕРІЛДІ.



Ақтау қаласында өткен байқауға Ойыл аудандық балалар музыка мектебінен "Эстрадалық вокал", "Академиялық вокал" "Қыл қобыз" бөлімдерінен оқушылар қатысқан болатын. Нәтижесінде "Эстрадалық вокал" бөлімінің оқушылары Айсезім Өндірова мен Инабат Қосымова жүлделі екінші орынға ие болса, "Қыл қобыз" класының оқушысы Құндызай Ғалымқызы 1 орынға қол жеткізген-ді.

"Академиялық вокал" класының оқушылары "Трио" жанрымен Дана Саматқызы, Көзайым Аққайыр, Ақкербез Құралқызы қатысып Гран-при жеңіп алды, сонымен қатар Өзербайжан елі, Баку қаласында Қазақстан-Өзербайжан елдерінің бірігіп ұйымдастыруымен өтетін "BAKU ART FEST 2025" халықаралық байқауына жолдамаға ие болғанды. Араға бір ай уақыт салып,

Гран при иегерлері Дана Саматқызы мен Көзайым Аққайыр жетекшісі Манаргүл Беркінқызымен бірге Ақтау қаласы арқылы Өзербайжан елінің астанасы Баку қаласына барды. Байқауға жалпы Израиль, Ресей, Қазақстан, Өзербайжан елдерінен 150-ден аса үміткерлер қатысты. Сөйтіп, шілде айының 7-ші жұлдызында Қазақстан-Өзербайжан елдерінің бірігіп ұй-

ымдастыруымен өткен "BAKU ART FEST 2025" халықаралық байқауында Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің "Академиялық вокал" класының оқушылары Дана Саматқызы мен Көзайым Аққайыр (дуэт) жүлделі 3 орынға ие болды. Сонымен қатар, Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің жас маманы Манаргүл Досбаева жетекшілерге арналған халықаралық дипломмен марапатталды.

АСТАНА КҮНІ МЕН ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Ойыл ауданында 6 шілде — Елорда күні және шілденің алғашқы жексенбісі — Ұлттық домбыра күніне арналған мәдени шара өтті. Бұл күндердің маңызы — елдің тәуелсіздігін айшықтайтын бас қала Астананың дамуы мен қазақ халқының ұлттық мұрасы саналатын домбыраға деген құрметті көрсету. Шара барысында еліміздің астанасы туралы тарихи деректер айтылып, оның ел өміріндегі орны атап өтілді. Астана - тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірін айқындаған қала ретінде танылып, мәдениет пен ғылымның, саясат пен экономиканың орталығына ай-

налғаны айтылды. Сонымен қатар, домбыраның қазақ халқы үшін маңыздылығы сөз болды. Домбыра — ұлттың тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Оның үні арқылы халықтың қуанышы мен мұңы, арман-үміті жеткізіліп отырғаны атап өтілді. Мәдени шара барысында халық күйі мен ұлттық әуендер орындалып, көрермендер қазақ халқының музыкалық дәстүрімен танысты. Шара соңында Астана күні мен Ұлттық домбыра күні ел бірлігін, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін күн ретінде аталып өтіп, қатысушыларға жылы лебіздер айтылды.

ҰЛТТЫҢ ҮНІ — ДОМБЫРА!

ШІЛДЕНІҢ ШУАҒЫНА ШОМЫЛҒАН АЛҒАШҚЫ ЖЕКСЕНБІ — ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ! БҰЛ КҮН — ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХЫН, ДӘСТҮРІН, ТЕКТІЛІГІН ТАНЫТАТЫН ҚАСТЕРЛІ СӨТ. ҰЛТТЫҢ ҮНІНЕ АЙНАЛҒАН ҚАРА ДОМБЫРА — МӘҢГІЛІК МҰРАМЫЗДЫҢ СИМВОЛЫ!

Осы атаулы күн қарсаңында дүниеге келген сәбиге деген ыстық ықылас ерекше түрдегі көрімдікпен өрнектелді. «Көкжар-керуен» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен «Ұлттың үні — домбыра» атты акция аясында сәбиге қасиетті домбыра тарту етіліп, жас анаға ақ орамал салынды. Ізгі дәстүрді ұлықтаған шарада «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин жас отбасын жүрекжарды лебізімен құттықтап, қуаныш иелеріне сый-сыяпат ұсынды. Сонымен қатар, Аудандық Аналар кеңесі — Қазақстан халқы Ассамблеясы баста-

машы болған «Мәдениетті ана — мәдениетті ұлт» жобасы аясында сәби атына «Айналайын» үндеуін табыстады. «Қазақ аналары — дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі — жас ана А.Қаржаубайқызына ақ орамал жауып, баталы сөзін айтып, гүл шоғын ұсынып, ақ тілекті шашумен бекітті. Күй тегіліп, ән шырқалып, әдемі сәт домбыраның үнімен өрленіп, қазақы дәстүрмен көмкерілген қуанышқа айналды. Домбыра — ұлттың жүрек үні. Ал оны жаңа туған сәбиге аманаттау — болашаққа бағытталған рухани тамыр. Ұлттың үні сөнбесін, домбыраның үні үзіліп қалмасын!

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

2 шілде 2025 жыл

№ 24

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс жиырма төртінші
сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма төртінші сессиясы 2025 жылдың 11 шілде күні сағат 14.30-ға аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №200 «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

2. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №215 «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл ауданының ауылдық округтерінің бюджеттерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

3. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының есебі туралы

Баяндамашы: Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы

Аудандық мәслихаттың төрағасы:

С.Ф.Займолдин

ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ - ПАРТИЯҒА АМАНАТ

Өткен аптада аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің төрағалығымен Ақтөбе облысы бойынша «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» Сайлауалды бағдарламасын іске асыру барысы туралы Жол картасының орындалуы барысы талқыланды. Отырысқа аудандық мәслихат депутаттары Еркін Жиеналин, Сәндібек Нұрбаев және Жангүл Ізғарина, сонымен қатар бірқатар бөлім басшылары қатынасты. Аталған бағдарлама биылғы жылы Ойыл ауданында 33 тармақ бойынша жүзеге асу керек. Сондықтан, әр тармаққа аудандағы жауапты сала басшылары тыңдалды. Баяндамашылардың сөзінен түйгеніміз — биылғы жоспардың бес айда 12 жоба жүзеге асып, 16-сы орындалып жатыр. Қалған бес жобаның орындалмай қалу тәуекелі жоғары. Мәселен, Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы шеңберінде кәсіпкерлік жобаларды жыл сайын қаржылай қолдау бойынша 5 жоба жоспарланса, оның бүгінгі күнге орындалғаны құны 38 млн. теңге бір жоба. Қолданыстағы

бос орындарға 1107 адамды жыл сайынғы жұмысқа орналастыру жоспарланса, бес айда 183 адам ғана жаңа жұмысқа кірісті. Ауданның негізгі өндірісі ауыл шаруашылығын саласында "Ауыл Аманаты" жобасы шеңберінде ауыл тұрғындары үшін биыл 49 жобаны қаржыландыру жоспарланса, бес айда 16 жаңа кәсіпкер жобасын сәтті қорғап, жұмысын бастады. Бірақ, "Ауыл аманаты" жобасын шеңберінде 27 жұмыс орын құру көзделгенімен, оның бірде-біреуі орындалған жоқ. Ал, ауданда суармалы егіс алқабын ұлғайту тармағы шаруашылықтардың былтырғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен инфрақұрылымдарын қалпына келтіру жүргізілмегендіктен орындалмай тұр. Сонымен қатар, әртүрлі себептермен тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз ету тармағында да кешеуілдеу көп. Өйткені, бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй салу көзделмегендіктен, жеке құрылыс салушылар және жеке құрылыс есебінен 11341 шаршы метр үй алу жоспарланса, бүгінгі күні 844 шаршы метр баслана сатып алынды.

Аудан тұрғындарының көп сатулына арқау болатын мәселе — аудандағы автожолдарды салу және реконструкциялау. Бұл тармақта «Сарбие-Қараой» автомобиль жолының құрылысы басталған да жоқ. Сондай-ақ, жолдарды күрделі және орташа жөндеу бойынша «Ойыл-Қараой» автомобиль жолын орташа жөндеу жұмысы да жүзеге аспады. Қоршаған ортаны жақсарту тармағында бір елді мекенде қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу жоспары да қолға алынбады. Сонымен қатар, Саралжын ауылдық округіне қарасты Бестамақ ауылындағы медициналық пунктті күрделі жөндеу мәселесі — ғимараттың авариялық жағдайда болуына байланысты орындалмай қалайын деп отыр. Өрине, атаулы жоба аясында атқарылған жұмыс та аз емес. «Партияның мақсаты - алдағы 2027 жылға дейінгі сайлауалды бағдарлама мен сайлау науқанында халықтан түскен аманаттардың, ұсыныс-тілектердің орындалуына ықпал ету бұл баршаамыздың алдымызда тұрған маңызы зор, мәртебесі биік ортақ мін-

детіміз» - дейді «Amanat» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин. Отырыстың қорытындысында төраға бөлім басшыларына, депутаттарға сайлауалды бағдарламада көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізуге жұмыстану жөнінде атап өтті. Өйткені, «AMANAT» партиясының Ақтөбе облыстық филиалы Саяси бюросының №011PQ қаулысымен Ақтөбе облысы бойынша «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» Сайлауалды бағдарламасын іске асыру барысы туралы Жол картасы қабылданған. Жол картасы бойынша жетекшілік етуге Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Естай Сисенбаев, Ойыл аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин және аудандық мәслихат депутаттары бекітіліп, жауапкершілік жүктелген. Және де Партияның Жол картасының орындалуына жауапты болып жергілікті атқарушы орган - аудан әкімдігі бекітілген.

С. ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛЕУІ ҮШІН...

ЖАСТАРҒА «ЖАНЫ ЖАҚСЫ АҒАНЫҢ, ЕТЕГІН БАСПА, ЖОЛЫН ҚУ» - ДЕСЕ, ҮЛКЕНГЕ «БОЛАЙЫН ДЕГЕН БАЛАНЫҢ, БЕТІН ҚАҚПА, БЕЛІН БУ» ДЕГЕН БІЗДІҢ БАБАЛАР НЕТКЕН КӨРЕГЕН?

БІЗ, ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ — ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ. ҚАЗІРГІ ЖАСТАР КРЕАТИВТІ, ЖАҢА ИДЕЯЛАР ОЙЛАП ТАБУҒА ҚАБІЛЕТТІ, ЖАҢА ҒАСЫР ТАЛАБЫ — ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖЕТІК МЕҢГЕРГЕН. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДА ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ ҮЛКЕН. ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНАН БАРЛЫҒЫ КЕЛЕТІНІНЕ МЕН НЫҚ СЕНЕМІН.

«Тәрбие — тал бесіктен» дейді. Сондықтан, ата-аналарды бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуге, оларға рухани, ұлттық құндылықтарды түсіндіруге, қастерлеуге үйретуге шақырамын. Әр адам өзін де тәрбиелеу керек. Жасымызға, жағдайымызға қарамастан, өзгеге көмектесуге ұмтылайық. Әлемге мейіріммен қарасаң, ол да саған мейіріммен қарайды деген қағидағңа сүйеніп, болашақта Қазақстанды ең көркем, дамыған елдер қатарына қосатын — біз! Ол үшін біз алдымен шағын ауылды көркейтуден бастауымыз керек.

Туған жеріне туын тігуге ұмтылған Нұрлан замандасымыз алдағы ауылдық округ әкімдігіне өзінің кандидатурасын ұсынып отыр. Сондықтан, ауылдастарыма көз алдарыңда өскен өз балаларыңызды қолдаңыздар дегім келеді.

Нұрлан Айсәулі Қарай мектебін бітіріп, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетін үздік дипломмен аяқтап шықты. «Педагогика және психология» мамандығын меңгерген оның еңбек жолы да туған жерінде басталды. Кейіннен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін «Математика-Информатика» мамандығы бойынша бітірді. Одан кейін төрт жыл «Қараой ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет жасады. Білікті жас маман көп кешікпей көзге түсіп, «Ойыл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің бас маманы болып қызметке шақырылды. 2025 жылдың 3 наурызынан бастап «Ойыл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау бөлімінің басшысы болып жұмыс атқарып келеді.

Әуелден кіндігі ауылдан ажырамаған ұл өзінің сайлауалды бағдарламасында ауылда ауыл шаруашылығындағы салалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасауға ынталы. Сонымен қатар, мал азығын молайту үшін суармалы егіс егу жұмыстарын өндіріске енгізуді көздеп отыр.

Сондықтан, туған жері үшін жауапты іске ұмтылған ұлды қолдау бізге сын!

Абай ҰМБЕТҚАЛИЕВ,
кандидаттың сөнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

АБЗАЛҒА СЕНІМ АРТАЙЫҚ!

ТӨРТ ТҮЛІГІНЕН БАСҚА ӨНДІРІСІ ЖОҚ ШАҒЫН АУЫЛДАР ҮШІН МЕКТЕП МЕМЛЕКЕТТІҢ ҮЛКЕН МЕКЕМЕСІ. АУЫЛДЫ АЛҒА СҮЙРЕЙТІН, МЕМЛЕКЕТТІҢ БАҒЫТЫН ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕК АДАМЫНА ЖЕТКІЗЕТІН ДЕ СОЛ МЕКТЕП. ДЕМЕК, МЕКТЕП БАСШЫСЫ СОЛ АУЫЛДАҒЫ ОКРУГТІҢ ӘКІМІНЕН КЕЙІНГІ ТҰЛҒА. АППАРАТЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫҢ САНЫ ОН САУСАҚҚА ЖЕТПЕЙТІН АУЫЛ ӘКІМДІГІНЕ ҚАРАҒАНДА КӨЗІ ҚАРАҚТЫ 30 МҰҒАЛІМІ БАР МЕКТЕП ҮЛКЕН «АРМИЯ». СОНДЫҚТАН ДА, «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАҢДАУЫ СОҢҒЫ ЖЕТІ ЖЫЛДАН БЕРІ АУЫЛДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ КӨШІН СҮЙРЕП КЕЛЕ ЖАТҚАН АБЗАЛҒА МАЙҚАНОВҚА ТҮСУІ ДЕ ТҮСІНІКТІ.

Қараойда туып-өсіп, сол ауылдағы мектепті үздік бітірген Абзал Сансызбайұлы 2010 жылдың желтоқсан айынан бастап Қараой мектеп – балабақшасында математика пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Абзал Майқанов аз уақыт ішінде білім беру саласындағы тынымсыз шығармашылық еңбегімен шәкірттері арқылы сан биіктен көрініп үлгерді. Егер алдағы сайлауда жеңіске жетсе, алдымен ауылдастарын «жол азабынан» құтқару үшін елді мекендер арасындағы көтерме жолдарды жөндеуден өткізуге ұмтылып отыр. Одан кейінгі кезекте ауылды газбен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуге ниетті. Ауылға жастарды тұрақтандыру бағытындағы жұмыстарға бар күшін салуды көздеген жігіт, жастарды ауылға тарту және тұрақты жұмыспен қамту, балалар мен жасөспірімдердің өз уақыттарын тиімді өткізулеріне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасауды көздейді. Сонымен қатар, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының ауылдық округте іске асуына қолдау көрсету, ауылға жас мамандарды тартып, оларға әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету де негізгі міндеттерінің бірі болмақ...

Алдағы жұмыс жоспарына енгізілетін басты мәселелердің бірі - «Жер аманаты» жобасы аясында пайдаланылмай бос жатқан жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыра отырып, округ тұрғындарының қосалқы шаруашылығындағы мал басының артуына байланысты елді мекен шегіндегі мал жаю алқаптарын ұлғайтуға ұмтылып отыр. Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасы аясында орта және шағын бизнесті дамытуға, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру үшін «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасындағы ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инфрақұрылым әлеуетін арттыру бағытындағы көрсеткіштерді басты бағдар етіп отыр.

Өзі болса, сайлауалды бағдарламасында көтерген мәселелерді орындау үшін, оны ел игілігі мен туған жерінің пайдасына жарату үшін аманат жүгін арқалап отыр. «Халық – қазы, еңбек – таразы» дегендей, «Антқа адал болу, сертке берік болу - менің халық алдындағы парызым» деген ауылдасымызды қолдауға шақырамын!

Мұстафа БИСЕМБАЕВ,
кандидаттың сөнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

АЛМАТТЫҢ МАҚСАТЫ — АУЫЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ!

«ӨРКІМНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ – МЫСЫР ШАҒАРЫ» ДЕГЕНДЕЙ, АЛМАТ ҮШІН ДЕ ТУЫП-ӨСКЕН ӨНІРІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК. СОНДЫҚТАН ДА, ТӨСЕКТЕ БАСЫ, ТӨСКЕЙДЕ МАЛЫ ҚОСЫЛҒАН КӨРШІЛЕС ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМНІҢ САЙЛАУЫНА ӨЗІНІҢ КАНДИДАТУРАСЫН ҰСЫНЫП ОТЫР.

Ат жалын тартып мінгеннен, ауылының ертеңі үшін қал-қадірінше атсалысқан азамат. Сондықтан да, уақытында замандастары сияқты жан-жаққа алаңдамай, ауылының болашағы үшін аянбай еңбек еткен жігіт. «Жігіттің де жігіті бар, азаматы бір басқа» - дегендей, жасынан ауылдың шаруасына қанық жігіт іскерлігімен көзге түсті.

Алмат Наурызбаев 1993 жылдың 10 қазан күні Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді. 2000-2011 жылдары Сапақкөл орта мектебін аяқтап, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне түсіп, 2014 жылы «Келікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығын алып шықты. Сонымен қатар, 2011 жылы аталған университетте оқып жүріп, М.Оспанов атындағы медицина университетінің жанындағы әскери кафедрада 2 жыл 6 ай оқып, запастағы лейтенант шенін алып, 2013 жылы бітірді.

27.05.2016 жылы «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман болып жұмысын бастап, 2021 жылы 9 наурыз күні ішкі конкурспен бас маман лауазымына ауысып, қазіргі уақытта аталған лауазымда жұмыс атқаруда.

Электораттың қолдауына ие болса, ауылдық округ тұрғындарының талап тілектерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы саласында "Ауыл аманаты" жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстап, кәсіпкерлікті дамыту, сүт, көкөніс өнімдерін өңдейтін цехтар ашуға арқылы еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауданда жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайтуға атсалысқан. Елді мекендерді газбен қамту мәселелерінің шешілуіне ықпал етіп, ауылдық округтің елді мекендері мен көшелерін абаттандыру, жарықтандыру, автомобиль жолдарын жөндеу мәселелерін шешу бойынша да өз жоспары бар.


Себебі, біз өз дауысымыз арқылы ертеңгі күнге жол қалап, бағытымызды айқындауға септігімізді тигізбекпіз. Ал мұндай тағдыршешті сәтте ортақ істен шет қалу азаматтығымызға сын деп білемін. Өйткені, бүгінгі біздің кішкентай қадамымыз болашақтағы үлкен жетістіктердің бастауы болмақ. ҚР Президенті жастарды өз туған жеріне қызмет етуге шақырған болатын. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын!» - деген қанатты сөз бар. Сондықтан, елі үшін қызмет етемін деген Алматы бірауыздан қолдап, дауыс берейік.

Әділет НҰРАХАНОВ,
кандидаттың сөнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

СУҒА ТҮСУ МАУСЫМЫ:

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫ КЕҢЕСТЕР



Жаз мезгілінің ең көңілді әрі сергітетін сәттерінің бірі – суға түсу. Маусым айынан бастап еліміздің барлық өңірлерінде суға шомылу кезеңі басталды. Алайда, демалыс сәтін қайғыға ұластырып алмау үшін суға түсу кезіндегі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет.

Суға түсу маусымы дегеніміз не?

Суға түсу маусымы – ауа райы жылынып, ашық су қоймаларында (өзен, көл, теңіз, т.б.) шомылуға рұқсат берілетін кезең. Қазақстанда бұл маусым, әдетте, маусым айының басында басталып, тамыз айының соңына дейін жалғасады. Рұқсат етілген орындар

Суға тек рұқсат етілген, арнайы белгіленген жағажайларда түскен жөн.

Ондай орындарда:

- Құтқарушылар кезекшілікте тұрады.
- Медициналық көмек көрсету пункті болады.
- Таза, тексерілген су айдыны болады.

Қауіпсіздік ережелері

- Қауіпсіз жерлерде ғана шомылыңыз, белгіленбеген, жабайы жағажайларда су түбі қауіпті болуы мүмкін.
- Мас күйде суға түсуге болмайды! Бұл суға батып кетудің басты себептерінің бірі.
- Балаларды қараусыз қалдырмаңыз! Кішкентай балаларға жүзуге арналған құралдарды қолданыңыз.
- Суға бірден секірмеңіз, су түбін тексеріп алыңыз.
- Таныс емес жерлерде жүзіп кетпеңіз, ағыс қатты болуы немесе су түбі батпақты болуы мүмкін.
- Желді күндері шомылмаңыз, бұл қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

EGOV BUSINESS — ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ КӨМЕКШІСІ

Енді жеке кәсіпкерлер, шағын және орта бизнес өкілдері өз бизнесін бірнеше қадам арқылы басқара алады: жаңартылған eGov Business қосымшасындағы жеке кабинет компания туралы барлық ақпаратты біріктіреді, AI-чат-боттар шешімдерді ұсынады, ал Салық күнтізбесі төлем мерзімдерін автоматты түрде еске салады.

Мұның бәрі отандық кәсіпкерлерге eGov Business мобильді қосымшасының жаңартылған нұсқасында қолжетімді.

Өз бизнесіңді қосымша арқылы бірден бастауға болады. Бастап жатқан кәсіпкерлерге, соның ішінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелгісі келетіндерге «ЖК тіркеу» және «ЖШС тіркеу» қызметтері қолжетімді. Жаңартылған қосымша оңтайландырылған интерфейсінің арқасында бұрынғыдан да жылдам, ыңғайлы әрі тиімді бола түсті. eGov.kz веб-сервисімен және серіктес платформалармен жетілдірілген интеграция деректерді өңдеу

үдерісін жеделдетіп, операцияларды орындау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, eGov Business-те кәсіпкердің жеке кабинеті басқарудың әмбебап панеліне айналды. Компания туралы барлық ақпарат, соның ішінде заңды тұлға, лицензиялар мен филиалдар туралы мәліметтер бір жерде жинақталған. Салықтық күнтізбе төлем мерзімдерін еске салып, ал AI-чат-боттар кәсіпкерге жеке ұсыныстар береді, бұл бизнесті жүргізуді одан әрі жеңілдетеді.

Қосымшаның маңызды жаңалығы – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің тәуелкелдерді басқару сервисі. Бұл сервис кәсіпкерлерге алдағы тексерулер туралы алдын ала хабарлап, кез келген жағдайға дайын болуға және ықтимал тәуелкелдерді барынша азайтуға көмектеседі.

Бүгінде eGov Business – жай ғана қосымша емес, шағын және орта бизнестің процестерді оңтайландырып, цифрлық технологиялардың

мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға көмектесетін толыққанды цифрлық құрал. Мобильді қосымша кәсіпкерлерге дұрыс шешім қабылдауға ғана емес, сонымен қатар бизнесті дамытып, бюрократиялық рәсімдерді азайтып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Қосымшада 32 қызмет қолжетімді, бұл бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттестікті едәуір жеңілдетеді.

Бұдан бөлек, команда қосымшаның функционалын айтарлықтай жақсартты. Тестілеу барысында сыртқы веб-сервистер мен платформалармен ауқымды интеграциялық жұмыстар жүргізіліп, барлық сервистердің үздіксіз жұмыс істеуі мен барынша тиімділігі қамтамасыз етілді.

Бұған дейін қосымшада «Заңды тұлғаның цифрлық сенімхаты» сервисі іске қосылған болатын.

Бұл сервис сенімхат беру процесін едәуір жеңілдетеді: заңды тұлғалардың басшылары электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы он-

лайн форматта сенімхаттарды жылдам әрі қауіпсіз рәсімдей алады. Бұл тек процесті жеделдетіп қана қоймай, ұйым ішіндегі өзара әрекеттестікті ашық әрі тиімді етеді.

eGov Business платформасы өз мүмкіндіктерін кеңейтіп, веб-сервисстерге интеграция арқылы қолжетімділік беруде. Бұл үшінші тарап әзірлеушілері мен компанияларға өз сервистерін eGov Business интерфейсі арқылы ұсынуға мүмкіндік береді, осылайша кәсіпкерлерге цифрлық құралдарға ыңғайлы қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Ұлттық экономика министрлігі және «Атамекен» ҰКП бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асты.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

ТЫРЫСҚАҚ АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Тырысқақ - оңтүстік және шығыстағы Азия мемлекеттерінде өте жиі кездесетін жұқпалы ішек-қарын ауруының бірі. Тырысқақ ауруы әсіресе Үндістан мен Африка және Оңтүстік Америка мемлекеттерінде өте жиі кездесуде. Қазіргі кезде туристер арасында тырысқақ ауруын шет елдерден әкелу қаупі зор.

Тырысқақ қоздырғышы ұзақ мерзімге дейін адам денесінен сырт жерлерде өмір сүруі мүмкін. Қоздырғыш ашық су қоймалары мен теңіз суында бірнеше айға дейін, қайнамаған суда 25 күнге, қайнаған суда 37 күнге дейін тіршілігін жоймайды. Әсіресе монша суы жиналған шұңқырларда 106 күнге дейін өмір сүреді. Сонымен қатар, көкөністерде, жемістерде, сүт, етте бірнеше күнге дейін өмір сүреді.

Тырысқақ вибрионын бақылау мақсатында Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесімен Ойыл өзенінің белгіленген нүктелерінен мамырдан қазан айына дейін апта сайын зертханалық зерттеуге өзен суы сынамалар алынып, зерттеліп отырады. Тырысқақ қоздырғышы ауру адамнан сау адамға әр түрлі жолмен жұғады.

Сонымен қатар су,көк-өніс арқылы да жұғады.Дайын тағамдар шыбын арқылы тырысқақ қоздырғышымен ласта-

нуы мүмкін.

Қоздырғыш адам денесіне енгеннен кейін аурудың алғашқы белгісі білінгенше бірнеше күн өтеді. Жасырын мерзімінің ұзақтығы бірнеше сағаттан 6 күнге дейін созылуы мүмкін.

Аурудың алғашқы белгілері- жиі-жиі іш өту, құсу, нәжіс сұйылып, бірте-бірте табиғи түсін жоғалтуынан басталады. Аз уақыттың ішінде нәжіс түсін мүлде жоғалтып, күріш суына ұқсайды. Науқас бірте-бірте әлсізденіп, басы айналып, аяқ-қолының бұлшық еттері тартылып, қалшылдайды. Ауру адамның дене қызуы төмендей бастайды.

Аурудан сақтану жолдары:

1. Егер ішіңіз өтіп, құсып, қызуыңыз бір қалыпты болмай әдеттегіден төмендей бастаса, өз бетіңізбен дәрі-дәрмек ішпей, дереу дәрігер шақыртыңыз!
2. Қолды таза ұстап, тамақ алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабындап жуу, тырысқақ ауруын болдырмаудың бірінші кепілі.
3. Қайнамаған су, сүт, сырты жуылмаған көкөніс, жемістерді пайдалануға болмайды.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ОЙЫЛ АУДАН ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы	Аудан әкімі	Шілде айының -3,10,17,24,31 Тамыз айының-7,14,21,28 Қыркүйек айының -4,11,18,25 Уақыты сағ.10:00 ден -12.00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43	2-12-23 uil.akimat@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.
Сенім телефоны 2-12-23, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлеймен Саян Сапарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Шілде айының- 1,8,15,22,29 Тамыз айының-5,12,19,26 Қыркүйек айының -2,9,16,23,30 Уақыты сағ: 10:00 ден -12.00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43	2-12-23 uil.akimat@mail.ru
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Шілде айының- 2,9,16,23,30 Тамыз айының- 6,13,20,27 Қыркүйек айының – 3,10,17,24 Уақыты сағ: 10:00 ден -12.00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43	2-12-23 uil.akimat@mail.ru
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Шілде айының -7,14,21,28 Тамыз айының-4,11,18,25 Қыркүйек айының -1,8,15,22,29 Уақыты сағ: 10:00 ден -12.00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43	2-12-23 uil.akimat@mail.ru
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Тлепов Ербол Мырзабайұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Шілде айының – 4,11,18,25 Тамыз айының- 1,8,15,22,29 Қыркүйек айының – 5,12,19,26 Уақыты сағ: 10:00 ден -12.00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43	2-12-23 uil.akimat@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.
Сенім телефоны 2-12-23, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Сарбие ауылдық округі әкімі Ә.Кереев	Шілде 3,9,15,22,25,30 Тамыз 5,12,15,20,25,29 Қыркүйек 4,9,15,19,24,29	Жастар көшесі № 16	35-2-20

2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич, Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Шілде- 2,9,16,23,30 Тамыз – 6,13,20,27 Қыркүйек – 3,10,17,24 Уақыты сағ- 10:00 ден – 12:30 ға дейін	Көптоғай селосы Мәңгілік ел көшесі №20	74-5-11

2025 ЖЫЛДЫҢ – ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжай
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Сағынғалиев Рүстем Темірұлы	Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20 uil.selskiakimat@mail.ru
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ		Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20 uil.selskiakimat@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.


Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 765
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ЛЯМБЛИОЗ ҚАНДАЙ АУРУ?

ЛЯМБЛИОЗ - ҚАРАПАЙЫМ БІР ЖАСУШАЛЫ ПАРАЗИТТЕРДЕН ТУЫНДАҒАН ЖӘНЕ ЖҰҚПАЛЫ ПРОТОЗООЗДАРҒА ЖАТАТЫН ПАРАЗИТТІК АУРУ. ЛЯМБЛИОЗДЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ LAMBIA INTESTINALIS АДАМ ІШЕГІНЕН ОҚШАУЛАНҒАН ЖӘНЕ АДАМДАРДАҒЫ ДИАРЕЯНЫҢ СЕБЕБІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕҢ ТАРАЛҒАН ҚАРАПАЙЫМ ОРГАНИЗМ.



Адамнан басқа, лямблияның бұл түрін әртүрлі сүтқоректілерде де кездестіруге болады: иттер, мысықтар, қойлар, ірі қара, аюлар, борсықтар және т.б., құстар мен бауырымен жорғалаушылар. Кейбір жануарлар адамдар үшін бұл инфекцияның көзі болуы мүмкін.

Жәндіктер (шыбындар, таракандар, ұн қоңыздары, тезек қоңыздары) лямблия кисталарының таралуына ықпал етуі ықтимал. Қоздырғыштың берілу факторлары - лас қолдар, су, тамақ, науқас адаммен бір үйде тұру, үйде итердің, мысықтардың болуы, оларды иелері паразиттерден емдемегенде немесе оны тұрақты түрде жасамағанда, балабақшадағы немесе басқа жерлердегі балалар арасындағы ойыншықтардың жиі алмасуы нәтижесінде туындауы мүмкін. Инвазияның берілу механизмі - фекальды-ауыз арқылы.

Протозооздар проблемасының өзектілігі олардың әлемде кең таралуына байланысты. Лямблиоз паразиттік тасымалдаушы түрінде де, асқазан-ішек жолдарының орта бөліктеріне басым әсер ететін манифест түрінде де жүреді. Адамдардың инфекцияға бейімділігі әртүрлі. Лямблия инфекциясына төзімділікті қалыптастыруда жетекші рөл аш ішектің шырышты қабығының тосқауыл функциясы, жасушалық иммунитеттің белсенділігі болып табылады. Лямблиоздың таралуы көмірсулар өнімдерінің, құрамында консерванттар, бояғыштар бар тағамдармен тамақтануда артықшылыққа ие боп келеді, мұндай тамақтану кезінде ашытқы мен лямблияның дамуына ықпал ететін ішектегі ашыту процестері күшейеді.

Қалай алдын алуға болады? Жеке гигиена шараларын сақтау керек. Яғни, көшеде болғаннан кейін, тамақ ішер алдында және дәретханадан кейін, жануарлармен араласқаннан кейін қолды ыстық сумен және сабынмен уақтылы жуып, ауыз суды қайнату арқылы дезинфекциялау керек. Шикі жемістер мен көкөністерді қайнаған сумен шайып, үй-жайларды жүйелі түрде тазалау, балалар ойыншықтарын сабынмен және ыстық сумен жуып тұру қажет. Ашық су айдындарында, тек осы мақсат үшін бөлінген жерлерде (ресми жағажайларда) шомылу, шомылу кезінде су қоймасынан судың ауызға кездейсоқ кіруін және жұтылуын болдырмау керек.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

РУХАН ЕРТІЛЕУҚЫЗЫ АЛМАНИЯЗОВА

ЖУЫРДА АУДАНЫМЫЗДЫҢ ҚАРТ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ БІРІ, АРДАҒЕР-ҰСТАЗ, БІРНеше БУЫНДЫ БІЛІМ НӘРІМЕН СУСЫНДАНДЫРҒАН РУХАН ЕРТІЛЕУҚЫЗЫ АЛМАНИЯЗОВА 93 ЖАСҚА ТАЯҒАНДА ӨМІРДЕН ӨТТІ.



Рухан Ертілеуқызы 1932 жылы 6 шілдеде Ойыл ауданы, Ақшатау ауыл советінің аумағында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1-4 сыныпты Ақшатауда оқып, 1949 жылы Ойыл ауданында Н.К. Крупская атындағы мектепті бітіріп шыққан. 1949 жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтына түсіп, жоғары оқу орнында физика пәні бөлімінде оқып, алғашқы физика пәні мұғалімі дипломын алған. 1953 жылдың тамыз айынан бастап, Н.К.Крупская атындағы қазақ мектебіне жұмысқа орналасады. 1953-1982 жылдары арасында Ойыл қазақ орта мектебінде тұрақты жоғары сыныптарға физика пәнінен дәріс беріп, осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Он жыл бойы осы мектепте партия ұйымының секретары қызметін үздік атқарды. Ұстаздың еңбегі еленип “Халық ағарту ісінің озық қызметкері” төсбелгісі, “Еңбек ардагері”, “Тыл ардагері” медалдары, Ұлы Жеңістің отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен жылдық мерейтойларының медальдарымен және бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқытқан шәкірттерінің көпшілігі физика пәнінен сабақ беріп, абыройлы еңбек етіп жатыр. Рухан әже ұл-қыздарынан 10 немере, 23 шөбере сүйген бақытты әже. Оның ұстаздары Жақия Жүсіалиев, Байра Назарова, Ахметбек Нұрманов, Қайыржан Мұхтаровтар еді.

Рухан Ертілеуқызы еліміздің бейбіт болашағы мен өңірдің өсіп-өркендеуіне, жастарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты. Қай жұмыста болмасын абыройлы, елге сыйлы, халыққа қамқор бола білді. Өмірлік ұстанымы мығым, болмысы биік, парасатты жанның жарқын бейнесі халқының жадында мәңгі сақталады.

А. Қазыбаев, С. Займолдин, С. Сүлейменов, М. Айдарбаев, Е. Жиеналин, Б. Бақтыгереев, Ғ. Займоғдаұлы, М. Еркінова, Ә. Тіржанов, Б. Асылбаев, Г. Нұғыманова, З. Молдашева, С. Шаңғала, К. Қазмағамбетов, Е. Бегалин, Г. Избағамбетова.

ДОМБЫРА РУХАНИ МҰРА МА, ӘЛДЕ ТЕК МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП ПА?

ДОМБЫРА-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСПАПТАРЫНЫҢ БІРІ ҒАНА ЕМЕС, РУХАНИ БОЛМЫСЫ МЕН ӨТКЕНІНІҢ КӨРІНІСІ. ҚОС ІШЕКТІ, КҮМБІР ҮНДІ БҰЛ АСПАПТЫ ТЕК ҮН ШЫҒАРАТЫН ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ КӨРУ, ОНЫҢ ТАРИХИ МӘНІН, МӘДЕНИ МАЗМҰНЫН НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛДЫРУ БОЛАР ЕДІ. СОНДЫҚТАН, ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРАСЫН МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ДЕП СЕНІММЕН АЙТУҒА БОЛАДЫ.

Рухани мұрамыздың төркіні тым әріде. Орта ғасырлық жырлардан жыраулар елді батырлыққа үндеп, рух бергенін байқаймыз. Мәселен, зар заман ақындары мен күйші Құрманғазы домбыраны рухани күш беретін құрал ретінде пайдаланған. Менің ойымша, күй-домбыраның жаны. Өйткені, домбыра арқылы орындалатын күй - бұл жәй ғана әуен емес, есте қалар тарихи оқиғаның, халықтың басынан өткен қиын сәттердің музыкалық көрінісі. Мысалы, Құрманғазының “Сарыарқа” күйі - ел арманы мен байтақ даланың бейнесін бейнелейді. Бұқар жыраудың “Қилы заман” жыры - сол замандағы әділетсіздікті, қиындықты арқау етеді. Мұрат Мәнкешұлының “Үш қиян” өлеңінде - құнарлы қоныстарды тартып алған отарлау нәтижесінде тұрмысы нашарлап, өмірі қиындағанын жырламай болмады. Әр қазақтың баласы бесікте жатқан күннен бастап, домбыраның үніне елітіп өседі. Бұл ұр-



пақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәлім құралы. Домбыра үйрету - тек күй үйрету емес, тәрбие мен рухани байлықты бойға сіңіру. Сонымен қатар, 2014 жылы домбыра күйін ЮНЕСКО-ға адамзаттың материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізуі - оның бүкіл әлемдік рухани

құндылық ретінде танылғанының дәлелі. Қорытындылай келе, домбыра - тарихтың үні, ұлттың тілі, рухтың жаны, қазақтың ғасырларынан сыр шертетін шежіресі. Оның тұлға бойында руханиятымыздың тамыры, ата-бабамыздың арманы жатыр. Домбыраның күмбірі-тіліміздің, ұлттық

болмысымыздың, мәдениетіміздің айғағы. Домбыраны тек аспап деп емес, ұлттың рухани мұрасы ретінде құрметтеу, ұлттың ұлы аманаты ретінде көру, кейінгі ұрпаққа жеткізу-бәріміздің парызымыз. **Кәусар ӘЛІМ, Құрман орта мектебінің түлегі, Ойыл ауданы.**

Құттықтау

ОЙЫЛ АУДАНЫ
ҚАРАОЙ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ
ҚАШҚЫНБАЕВА ЖАҢЫЛСЫН
АНАМЫЗДЫ ТУҒАН КҮНІМЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



70 жасың құтты болсын,
Бүгінгі күн мерейлі!
Тілектерді айтайын,
Бүлкілдетіп көмейді.
Ақ жаулығың ақылдың,
Туы болған Анашым,
Періштелер әумин деп,
Тілегімді жебейді.
Шуылдассын айналып,
Немерең мен шөберең,
Шаңырағың шайқалмай,
Кеңейсін тағы керегең.
Көретін әлі қызық көп,
100-ден асын ғұмырың!
Ортамызда отыршы,
ақылды беріп демеген.

Туған күнің де денсаулықты тілейін,
Әр жыл сайын бақыт тілеп жүрейік.
Балалардың қызығын көр, Анашым,
Бар арманың орындалсын деп тілеймін!

Тілек білдіруші: жұбайы Қыдыр, балалары, немерелері мен жиендері.

БІРЛІГІ БЕКЕМ, ТІРЛІГІ КӨРКЕМ КӨПТОҒАЙ



Жергілікті жұрт аузында Құрман аталатын Ойыл ауданындағы Көптоғай ауылдық округі кезінде мал шаруашылығымен аты дүркіреген ауыл болған. Бүгін де тұрғындар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысады. Мұнда 56 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Округ тұрғындарының мал қорасында 32мыңға жуық қой бар. Кеңестік кезеңде 60 мыңнан астам аналық қой ұстаған округ сол межеге жайлап келе жатыр.Округ басшысы Ерлан Асылбаевтың айтуынша, мал басы жылдан-жылға артып келеді. Өсіресе соңғы 5 жылда жылқы шаруашылығы қарқынды дамып, өсім айқын байқалып отыр екен. Бүгінде ауыл тұрғындарының ауласында 7000-нан астам жылқы, 8000 бас ірі қара және бар. Бұл аз көрсеткіш емес. Төрт елді мекен — Көптоғай, Амангелді, Шұбарши және Қарасу ауылдарының басын қосатын Көптоғай ауылдық округінде бүгінде 1853 адам тұрады. Уақыт көшімен алға жылжып, байырғы атакәсіпті дамытып отырған Көптоғай ауылдық округінің бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы округ басшысы Ерлан Асылбаевтан білген әдік...

— Ауылдарымызда әлеуметтік нысандар тұрақты жұмыс істеп тұр. Барлық ауылда да мектеп бар: Құрман орта мектебінде — 160, Аманкелді орта мектебінде — 170 оқушы, Шұбарши негізгі мектебінде — 54, Қарасу негізгі мектебінде 52 оқушы білім алып жатыр. Округте «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы жұмыс істейді. Қазіргі таңда онда екі топта 40 бала тәрбиеленіп жатыр. Бұл — ауылдағы мектепке дейінгі білім беруді қамтамасыз етудің айқын көрінісі. Әр ауылда фельдшерлік-амбулаториялық пункттер (ФАП)

бар. Сонымен қатар төрт ауылда да клуб пен кітапхана жұмыс істейді. Аталған әлеуметтік нысандардың барлығы күрделі жөндеуден өтіп, халыққа сапалы қызмет көрсетуге толық мүмкіндік жасалған. Жылыту жүйесі электр энергиясымен қамтамасыз етілген, — дейді Ерлан Асылбаев. Округ басшысының айтуынша, ауылдардың барлығы да инфрақұрылыммен қамтылған. Барлық елді мекенде әлеуметтік нысандар электр арқылы жылытылады. Ауылдардың барлығы да жүз пайыз жарықпен қамтамасыз етілген. Тұрғындар таза ауызсуын тұтынып отыр, ауылдарға орталықтандырылған су жүйесі тартылған. Қарасу ауылында ғана ауызсу мәселесі күрделі болып тұр. Е.Асылбаевтың айтуынша, қазіргі уақытта Қарасуға су құбырын тарту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Газдандыру бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Былтыр Көптоғай мен Амангелді ауылдарына газ желісін тартылған, қазір тұрғындар газды өз үйлеріне қосу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Шілде айында бұл жұмыстар толығымен аяқталса, ауыл тұрғындары от жағып, күл шығару бейнетінен құтылады. Одан кейін көгілдір отын Шұбарши мен Қарасуға да тартылмақ. — Округтегі өзекті мәселелердің бірі — жолдың жайы. Ауылшілік және ауылдар арасындағы жолдардың жағдайы нашар, көбіне екі арада қара жолмен қатынауға тура келеді. Қыста дер кезінде қар аршып, барынша көлік қатынасын үзбеуге тырысамыз. Шұбарши мен Көптоғайдың арасында ғана көтерме жол бар, — дейді Ерлан Асылбаев.

Басты мәселе — жол Көптоғай ауылдық округінің орталығы —Көптоғай ауылында149 түтін, 700-ден астам тұрғын бар. Ауыл халқы мал шаруашылығымен айналысады, басты табыс көзі — сиыр, қой, жылқыбағу. Сонымен бірге соңғы жылдары жеке кәсіпкерлікпен айналысатындардың қатары да артып келеді екен. Тұрғындар аудан, облыс орталығына барып, май-қаймағын, құрт-ірімшігін, тары-талқанын, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізіп, қосымша табыс тауып отыр. — Көптоғайдағы ауылшілік жолдардың тек 4 көшесіне ұзындығы 3 шақырым жолға асфальттеселіп, жарықшамдар орнатылды. Қалған жолдар — негізінен қара жол, кейбіріне қиыршықтас төселген. Бұл жолдармен көктем-күзгі мезгілдерде жүру қиындық тудырады. Сонымен қатар Көптоғай мен Амангелді ауылы арасындағы 36 шақырым жолға әлі күнге дейін толыққанды асфальт төселген жоқ. Бұл бағытта 2 миллиард 350 миллион теңгеге жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, сараптамадан өтті, қазіргі таңда республикалық деңгейде қаржыландыру күтіп отырмыз, — дейді Е.Асылбаев. Ауылда тірлікке қажетті әлеуметтік нысандар жұмыс істейді. Өткен жылы Көптоғайда ауылдық әкімдіктің жаңа ғимараты салыныпты. 2023 жылы жалпы аумағы 1200 шаршы метр болатын амбулатория есігін ашты. Сонымен бірге ауылда саябақ, балалардың ойын, футбол алаңдары салынған.Округтегі серпінді дамып келе жатқан Амангелді ауылы — болашағы бар тірек ауылдардың бірі. Қазір мұнда 105 түтін, 725 тұрғын бар. Ауылдың демографиялық ахуалы да жақсы:туу көрсеткіші тұрақты, жас отбасылардың саны артып келеді. — Ауылдың ең үлкен артықшылығы —тұрғын үй қорының жаңаруы. Үйлердің сексен пайызға жуығы жаңадан салынған немесе заманауи еурожөндеуден өткен. Тұрғын үйлердің сыртқы әрлеуі де, ішкі жабдықталуы да қазіргі талаптарға сай: қабырғалары заманауи қаптама материалдарымен қапталған, шатырлары профлистпен жабылған, ішкі әрлеу жұмыстары толық жүргізілген. Аманкелді ауылы —жастар тұрақтап, өсіп-өніп

жатқан, инфрақұрылымы жылдан-жылға жақсарып келе жатқан ауыл, — дейді әкім. «Ауыл аманаты» ауыл тірлігіне серпін берді Көптоғай ауылдық округі тұрғындары «Ауыл аманаты» бағдарламасына да белсенді қатысып, жеке кәсіптерін дамытып отыр. 2023 жылы — 26 жоба, ал 2024 жылы 24 жоба — барлығы 50 жоба жүзеге асырылыпты. — Ауыл тұрғындарына бағдарлама аясында жалпы 153 миллион теңге қаржылай қолдау көрсетілді, бұл ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерлікті дамытуға үлкен серпін берді. Аталған жобалар мал бордақылау, құс өсіру, ірі қара және жылқы шаруашылығы, ұсақ мал — ешкі мен саулық ұстау, бау-бақша шаруашылығы және ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу салалары бойынша іске асты. Өсіресе ауыл тұрғындары арасында ірі қара мен жылқы өсіруге деген қызығушылық ерекше. Кәсіпкерлер «Ауыл аманаты» аясында мал алып, кәсібін жүргізіп отыр.Жылқы, сиыр малын бағуға, мал бордақылау кәсібін ашуға ниеттілер көп. Жақында «Ақтөбе» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы өкілдері келіп, осы бағдарлама аясында мал бағып отырған кәсіпкерлердің жұмысымен танысты, малдың сирғалануын, таңбалануын қарап, барлығының талапқа сай екенін көрді, — дейді Ерлан Асылбаев. Сенімге ие болған әкім Ерлан Асылбаев — ауылдық округке тұрғындар өзі сайлап алған әкім. Екі рет сайланыпты. Халықтың сеніміне ие болып, таңдауына түскен жігіт ағасы күндіз-түні жерғақ қаулағы жастыққа тимей, ауылдың бар-жоғын түгендеп жүреді. Аумағымен Ойыл өзенінің он екі тармағы ағып өтетін округтің табиғи жағдайының ерекшеліктері де көп тірлікті қажет етеді. Көктемгі су тасқыны кезінде төрт ауылға да қауіп төнуі мүмкін болғандықтан, дамбылар салынып, жыл сайын нығайту және қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп отырады екен. Бұл жұмыстардың барлығы да — әкім үшін үлкен сын, әрі жауапкершілік. — Көптоғай ауылдық округі бүгінде төртінші деңгейлі бюджетпен жұмыс істейді. Бұл — жергілікті өзін-өзі басқаруға берілген үлкен мүмкіндік.

Жергілікті салықтар мен өзге де кірістер — көлік салығы, мүлік салығы және демеушілердің қаржылай қолдауы — тікелей округ қажетіне жұмсалып отыр. Жыл сайын көлік салығы мен басқа да көздерден түсетін кіріс көлемі шамамен 5,5—6 миллион теңге болады. Осы қаржыға ауылдың жоқ-жітігін түгендейміз. Ең алдымен округ үшін өзекті жол мәселесін ұдайы назарда ұстаймыз. Өсіресе Қарасу ауылы Ойыл өзенінің арғы бетінде орналасқандықтан, көктемде өзен көтеріліп, су тасыған кезде елді мекенмен байланыс үзіліп қалады. Осы мәселені шешу үшін бейімделген өткел — көпір салу жоспарда бар. Бұл жұмыс демеушілердің көмегімен және округтің үнемделген қаржысы арқылы іске аспақ. Қыс мезгілінде ауыл ішіндегі жолдарды қардан тазарту — күн тәртібінен түспейтін міндет. Осы мақсатта округте 892 МТЗ маркалы тракторымызды өзірлеп қоямыз. Быыл аудан әкімдігі қолдауымен тағы бір жаңа МТЗ 892 техникасы алынды. Оған тіркеме (тележка) де сатып алынып жатыр. Бұл — коммуналдық қызметті тиімді жүргізуге арналған маңызды техника, — дейді Е.Асылбаев. Сонымен бірге жергілікті қаржы есебінен округ бойынша ауылдарды көркейту, балалар мен жастар үшін әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Мәселен, өткен жылы Көптоғай, Амангелді ауылдарында шағын ойын алаңдары салыныпты. Биыл бұл игі іс Қарасу және Шұбарши ауылдарында жалғасын тауып жатыр екен. Әр ойын алаңын салуға шамамен 7 миллион теңге шамасында қаражат жұмсалған. — Сонымен қатар округтегі барлық төрт ауылда шағын футбол алаңдары салынып, спорттық құрылғылар орнатылды. Орталық ауылға воркаут алаңы салынды. Бұл спорттық нысандар округ жастары үшін салауатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізетіні айқын, — дейді ол.Округ Атырау облысымен шектеседі. Екі облыс орталығы арасындағы арақашықтық — 35-45 шақырым. Ауылдық округтің аудан, облыс орталығынан шалғай орналасуының қиындығы да, артықшылығы да бар. — Мәселен, көктемгі су тасқы-

ны кезінде аудан орталығына баратын жол жабылып қалса, тұрғындар көршілес Атырау облысы арқылы қажетті тауарлар мен тұрмыстық өнімдерді жеткізе алады. Бұл — шекаралық аумақтың тиімді пайдаланылып отырған тұсы.Округке жақын орналасқан Сағыз стансасындағы теміржол қатынасының да пайдасы зор. Қойы қоралас, ауылы аралас отырған көршілес ауылдар үшін тиімді келісімдердің бірі — шөп шабу мен жайылымдық жерді пайдалану жұмыстары. Округтің шаруа қожалықтары шабындық науқаны кезінде Атырау облысының жерлерін пайдалана отырып, мал азығын дайындауға қол жеткізіп отыр, — дейді округ әкімі. Ерлан Асылбаевтың айтуынша, тұрғындардың қалаға көшуі бұрынғыдай емес, сәл бәсеңдеген. Дегенмен ауылға жас мамандар қажет. Мәселен, денсаулық сақтау саласында кадр тапшылығы сезіледі. — Қазіргі таңда ауылдық амбулаторияда дәрігерлік қызметке бос орын бар. Жас дәрігерлерге ауылдық жерде жұмысқа келсе, мемлекет 3-8 миллион теңгенің аралығында қаржылай қолдау көрсетеді. Ауылға жас мамандар келсе, біз де көмегімізді аямас едік. Ауылға келіп, кәсіппен айналысамын деген жастарға ауыл шаруашылығы бағытында да қолдаулар бар. Атап айтқанда, шаруа қожалықтары бастапқыда алдына мал салып беруге, қажет болса, үймен қамтамасыз етуге дайын. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2,5 пайызбен 9,2 миллион теңгеге дейін жеңілдетілген несие алуға болады. Кепілі бар азаматтар бұл мүмкіндікті пайдаланып, өз ісін бастай алады. Ауылда интернет байланысы да жақсы. Kcell, Beeline секілді операторлар қызмет көрсетеді. Байланыс сапасы тұрақты, — дейді Е.Асылбаев. Көптоғай ауылдық округінің бүгінгі тірлігі осындай. Округтің басты байлығы — тұрғындары. Ерлан Асылбаевтың айтуынша, тұрғындар өте тату, ұйымшыл, ортақ іске келгенде ешкім ешкіммен санаспай, білек сыбана кіріседі. Оған өткен жылдардағы су тасқыны кезіндегі істерді дәлел етуге болады. Ал бірлігі бекем ауылдың тірлігі тұзу болатыны айқын.

Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.